



«Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап
ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі

ТАРИХҚА АЙНАЛҒАН ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Торғай боксит кен басқармасының
құрылғанына 70 жыл

(библиографиялық жадынама)



Арқалық қаласы

2026 жыл

*«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі*

«Тарихқа айналған еңбек жолы»

Торғай боксит кен басқармасының
құрылғанына 70 жыл

(библиографиялық жадынама)

ӘОЖ 622.7:553.493
КБЖ 33.36 (5Қаз-4Қос)
Т21

Құрастырушы: Ж.К.Туякбаева
Шығарылымға жауапты: С.А.Алматова
Мұқабаны безендірген: Ж.К.Туякбаева
Редактор: Ж.К.Абжанова

«Тарихқа айналған еңбек жолы» [Мәтін] : [Торғай боксит кен басқармасының құрылғанына 70 жыл] Библиографиялық жадынама /Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы, ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі [құраст.: Ж.К. Туякбаева; шығарылымға жауапты: С.А. Алматова; ред.: Ж.К. Абжанова]. – Арқалық : [б.б.], 2026. – 16 б. : Сурет. – қазақ тілінде.

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі Торғай боксит кен басқармасының құрылғанына 70 жылдығына арналған библиографиялық жадынама дайындады. Жадынамада кен басқармасының құрылу тарихы, даму кезеңдері, өндірістік жетістіктері мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі туралы мәліметтер қамтылған.

ӘОЖ 622.7:553.493
КБЖ 33.36 (5Қаз-4Қос)
Т21
© Ж.К.Туякбаева

Құрастырушыдан

Ұсынылып отырған библиографиялық жадынама Торғай боксит кен басқармасының құрылғанына 70 жыл толуына орай дайындалды. Жадынамада кәсіпорынның қалыптасу тарихы, даму кезеңдері, өндірістік жетістіктері мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі туралы деректер қамтылды. Бұл басылымда тақырыпқа қатысты әдебиеттер мен дереккөздер жүйеленіп беріліп, оқырмандарға қажетті мәліметтерді тиімді пайдалануға мүмкіндік жасалған. Библиографиялық жадынама кітапхана оқырмандарына, зерттеушілерге, студенттер мен өлкетану саласына қызығушылық танытқан көпшілік қауымға арналған.

Кәсіпорынның құрылу тарихы

Торғай даласының қойнауын жүйелі зерттеу ісі өткен ғасырдың жиырмамыншы-отызыншы



жылдары басталды. Бұл аймақтың геологиялық картасын жасауға Қаныш Имантайұлы Сәтпаев, Николай Григорьевич Кассин, Евгений Дмитриевич Шлыгин, Н.С. Шатский, В.В. Заварицкий, В. Соболев және басқалар сияқты аты әйгілі геологтар үлес қосты. Өлкенің басты байлығы болып табылатын бокситті игеруге 1931-1932 жылдары Марья Сергеевна Волкова-Быкова іске асырған геологиялық картаға түсіру нәтижелері бастау болған еді. Сол кезде ащытасты өзенінің саласы – Түлкісай өзенінің беткейлерінде ол алғаш рет бокситтің шашындыларын тапқан болатын.

Осы шашындылардың табылуы Бүкілодақтық минералдық шикізат институтының бокситтің түпкі кен орнын іздестіру ісін ұйымдастыруына түрткі болды. Ізденіс жұмыстарын академик Александр Дмитриевич Архангельский басқарған геологиялық партия жалғастырды, оның құрамында сондай-ақ геолог ғалымдар Владимир Иванович Чернов, Анатолий Павлович Ползунов және Екатерина Михайловна Великовская іздестіру жұмыстарының нәтижелері бойынша шамалы ғана, «бәлкім, бір миллион тоннадан сәл асатын» кен орны бар деген болжам жасады. Аймақтағы геологиялық барлау жұмыстарының қайта басталуына Алексей Николаевич Волков ықпалдасты, ол торғайлық боксит кен орындарының келешегі мол мүмкіндіктерін бағалай келе, оларды өнеркәсіптік жағынан игеру керек деген пікір айтты.

Кен орындарының алғашқы бөлігі 1956 жылы есептеліп, іске пайдалануға берілді, ал 1961 жылы геологтар М. А. Кальменов пен Н. А. Бегадилов Торғай бокситтерінің қорларын Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияда сәтті қорғап шықты.

Кен орындарын барлау ісін жүргізген геологиялық экспедицияның базасы ізденіс жұмыстарын жүргізу орнынан жүздеген километр жерде орналасты. Темір жол қатынасы болған жоқ, сол себептен де азық-түлік пен барлық қажетті жабдықты тракторлармен жеткізіп, аз емес көп емес 240 километр жол жүріп өтуге тура келді.

Елуінші жылдардың екінші жартысы асулы кезең болды. А.Н.Волков бастаған, содан соң Борис Александрович Тюрин мен М. А. Кальменовтің басшылығымен геологтар тобы жалғастырған геологиялық ізденіс жұмыстарының бірінші кезеңі артта қалды. Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге мамандардың кең ауқымы: геологтар, бұрғылаушылар, тау-кен өткелшілері, геодезист топографтар, жұмысшылар және т.б. ат салысты. Кәсіпорынның тарихына Абдолла Тоқсанбайұлы Тоқсанбаев, Григорий Романович Кирпаль, Раиса Александровна Кадуринна, Петр Иванович Прудюс, Хамза Ибрагимұлы Умеркин, Махмұт Әбылқасұлы Табаров, жақан Сақипұлы Шамшин және басқалары сияқты ізашарлардың есімдері жазылып қалған.

Елуінші жылдардың екінші жартысына қарай жер қойнауын барлаушылар бокситтер мен отқа төзімді саздардың Арқалық, Солтүстік, Төменгі Ашут, Жоғары Ашут, Үштөбе және тағы бірқатар кен орындарын анықтады. Осы кен орындарының негізінде 1955 жылы Торғай боксит кеніштерінің дирекциясы құрылды. 1956 жылғы 17 мамырда КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің бірлескен қаулысы бойынша тек жекелеген аймақтың ғана емес, сонымен бірге тұтас елдің дамуында орасан зор рөл

атқарған тарихи шешім қабылданды. Халық шаруашылығын дамытудың 1956-1960 жылдарға арналған жоспарының директиваларында жеке жол арқылы мына сөздер жазылды: «Амангелді боксит кен орнының негізінде Торғай боксит кеніштерінің құрылысы салынсын және іске пайдалануға енгізілсін». Бокситті қайта өңдеу үшін Павлодарда алюминий зауытын салу туралы шешім қабылданды. Құрылысшылар өндірістік нысандарды – ТБКБ-ның болашақ цехтарын тұрғызуға кірісіп те кетті. Аршу жұмыстарын және боксит кендерін өндіруді ең бір тығыз мерзімдерде бастау қажет болғанын есепке ала отырып, жер қазатын техниканы мүмкіндігінше жылдам құрастырып, іске пайдалануға енгізу керек болды. Жұмыстар далада, аспан астында, көбінесе отыз-қырық градус аязда жүргізілді. Арнайы көтергіш тетіктердің жеткіліксіздігіне қарамастан, механик Николай Гришечкиннің басқаруымен экскаватор машинистері Филлип Матвеев, Василий Ерохин, Михаил Демченко, Георгий Анацкий, Григорий Лукьянцев алғашқы экскаваторларды құрастырды.

1958 жылдың 5 қарашасында кеншілер маңызды оқиғаны атап өтті. Оларды Үлкен жермен Арқалық–Есіл теміржолы байланыстырды. Арқалық кенішіне апаратын теміржол бұрмасында митинг өтіп, онда Торғай кен орындарының алғашқы директоры А.Т. Токсанбаев сөз сөйледі. Теміржол құрылысы Арқалық қаласының да өмірге келуіне негіз болды.

Теміржол арқылы тек жүк пен техника ғана емес, сонымен қатар қала салушылардың жасақтары да келе бастады. Құрылысшылар өндірістік нысандарды – болашақ ТБКБ цехтарын салуға кірісті. Жұмыстар ашық аспан астында, кейде 30–40 градус аязда жүргізілді. Алайда ауа райының ешбір тосын сыйы кеншілерді тоқтата алмады.

Кәсіпорынның шежіресіне Арқалық кенішінің учаскелерінің бірінде кен жұмыстары басталған күн – 1961 жылдың 30 наурызы бөлек жол болып жазылды. Сол күні алпысыншы жылдардың ынтагерлері Торғайдың жер қойнауын игеру тарихының жаңа бетін ашты.

Торғай боксит кендері басқармасының кеншілерінің даңқты есімдерінің қатарында, кәсіпорынның бетке ұстар мақтанышы болып табылатын адамдардың арасында экскаваторшылар Филипп Иммель мен Михаил Демченко алғашқылардың санатында тұрды. Торғай бокситінің алғашқы ожауын алып шығу мәртебесі Михаил Демченконың үлесіне тиді. Жүкті өздігінен түсіретін машиналардың жүргізушілері Николай Стариков, Евгений Фомин, Николай Коптяев, Иван Карасев, Борис Семешков карьерден кеннің алғашқы тонналарын алып шығу құрметіне ие болды. ТБКБ өндірген миллиондаған тонна бокситтің санағы осылай басталды.

Арқалықта, өлкетану мұражайына кіреберісте естелік композиция – бокситтің рәміздік алғашқы кесек шойтасы және Михаил Демченконың соны алып шыққан экскаваторының ожауы тұр.

1963 жылдың соңында Арқалық кеніші түгелдей іске пайдалануға берілді, ал көп ұзамай-ақ отандық алюминий өндірісіне арналған кеннің алғашқы эшелоны да жөнелтілді. ПАЗ-дың өндірістік қуаты артқан сайын оның шикізатқа деген мұқтаждығы да өсе түсті. Торғай кеншілерінің алдында қысқа

мерзімде боксит өндіру көлемін арттыру міндеті тұрды. Және де ең жоғары сапалы шикізат болды.

Боксит өндірісі көлемінің осынша артуы кәсіпорынның кен базасының кеңейтілуіне байланысты болды. 1966 жылдың орта тұсында Тоқтығат кеніші, 1970 жылдың соңында – Солтүстік кеніші іске пайдалануға енгізілді. 1971 жылы Арқалыққа қуанышты хабар тарады. Михаил Демченко экскаватордың бригадир-машинисі, Отанымыдың – жоғары марапатына – Социалистік Еңбек ері атағына ие болып, оған Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі тапсырылды. Бұл жаңалықты кеншілер шаттана қарсы алды. Олар бұл марапатты ұжымның жекелеген мүшесінің ғана емес, бүкіл кәсіпорынның да еңбегінің танылуы деп қабылдады.

Кәсіпорынның ерекше мақтанышына айналған кеншілер – сіңірген еңбегі Отанымыздың жоғары марапаттары мен атап өтілген еңбеккерлер. Олар – Социалистік Еңбек ері Михаил Демченко, Лениен Орденінің иегерлері Ант он Иммель мен Мелихаджар Ахметов, сондай-ақ III дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегерлері Қайырбек Исабеков, Аркадий Ситнов, Александр Малкин, Олет Кузюков, Досмадияр Мұхамедияров және басқалары. 1973 және 1976 жылдары кезекпен Төменгі Ашут және Жоғарғы Ашут кеніштері іске қосылды. Бұл кезге қарай ТБКБ іс жүзінде өзінің шырқау шыңына жеткен еді.

1996 жылы Алюминий Қазақстана акционерлік қоғамы құрылып, оның құрамына ТБРУ да енді. Қоғам президенті Алмаз Ибрагимов бәсекеге қабілетті глинозём өндірудің берік негізін қалады.

1998 жылдан бастап кәсіпорынды Виктор Павлович Родин басқарды. Ол негізгі басымдықтарды айқындады: шығындарды азайту, техниканы ұтымды пайдалану, қалған қорларды ұқыпты әрі тиімді игеру.

Виктор Павлович Родин еңбегі үшін 2005 жылы жоғары мемлекеттік марапат – Курмет ордені орденімен наградталды.

ТБРУ жұмыс істеген жылдары:

1,5 млрд шаршы метрден астам тау-кен массасы өңделді;

80 млн тоннадан астам боксит өндірілді;

шамамен 20 млн тонна отқа төзімді саз алынды;

16 млн тоннадан астам таза алюминий өндірілді.


ТБКБ елдің алюминий өнеркәсібінің алтын қоры деп әділ аталды.

Боксит қорының сарқылуына байланысты, 2021 жылы Торғай Боксит Кен Басқармасы (ТБКБ), Алюминий Қазақстана құрамындағы кәсіпорын, өз өндірістік қызметін аяқтады. Боксит өндіру тоқтатылып, кеніштердегі жұмыстар жабылды. Бұл көптеген адамдар үшін ауыр әрі эмоциялық тұрғыдан қиын кезең болды.

ТБКБ-ын жабу туралы шешім оңай қабылданған жоқ. Бұл өндірістік циклдің аяқталуын білдіргенімен, кәсіпорынның тарихи маңыздылығының аяқталуын білдірмейді.

2017 жылы боксит қоры толық сарқылып, қала құраушы кәсіпорынды жабу туралы шешім қабылданды. Бұл процесс екі жылға созылды. 2019 жылы ТБКБ ресми түрде жұмысын тоқтатты. ТБРУ әрдайым Арқалық қаласы мен бүкіл Торғай өңірінің тарихының ажырамас бөлігі болып қала береді.

Торғай боксит кен басқармасының боксит өндіру қалдықтарының құрамы



Бокситті ашық әдіспен – карьерлерде өндірген



Бұрынғы кен басқармасының ғимараты
(қазіргі таңда Арқалық өңірлік емханасы)

Баспасөз беттерінде



Арқалық хабары. 28 қазан. 2011 жыл. Б. 4.



Арқалық хабары. 26 тамыз. 2016 жыл. Б. 4.




Арқалық хабары. 8 ақпан. 2013 жыл. Б. 1–3.



Арқалық хабары. 4 қыркүйек. 2020 жыл. Б. 1.



Арқалық хабары. 20 наурыз. 2026 жыл. Б. 6.




Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст.: Т. Рсаев. - Алматы: Арыс, 2013. - 456 б.:



Рудное сердце Торгая = Торғайдың кеңді жүрегі. – Алматы: ИД «Казахстаника», 2006. – 144 с.

Естелікке толы сәт








1. Служба безопасности
 2. Грузовик на дороге
 3. Рабочий в каске
 4. Рабочий на объекте



1. Рабочий на объекте
 2. Рабочий на объекте
 3. Рабочий на объекте
 4. Рабочий на объекте
 5. Рабочий на объекте



1. Рабочий на объекте
 2. Рабочий на объекте

1. Рабочий на объекте

1. Рабочий на объекте
 2. Рабочий на объекте
 3. Рабочий на объекте

1. Рабочий на объекте



2000 жылғы XXV International Star award Geneva конвенциясының сапа үшін берген Халықаралық Алтын жұлдызы

Мазмұны

1. Құрастырушыдан.....	3
2. Кәсіпорынның құрылу тарихы.....	4-7
3. Боксит өндіру.....	8
4. Баспасөз беттерінде.....	9-10
5. Естелікке толы сәт.....	11-14
6. Мазмұны.....	15

Құрастырушы: Ж.К. Туякбаева
Шығ.жауапты: С.А.Алматова
Редакторы: Ж.К. Абжанова

Басуға 18.05.2026 ж. қол қойылды
Қаріп түрі Times New Roman
Басылымның көлемі: 4
Таралымы: 3 дана

«Арқалық қаласындағы
облыстық №2 әмбебап
ғылыми кітапханасы» КММ



110300, Қостанай облысы,
Арқалық қаласы. Абай көшесі, 62.
Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail: arkounb@mail.ru